«8D03102-Мәдениеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Ержанов Еркебулан Даукенбаевичтің «Қазақ ырымдары ұлттық мәдени код ретінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен – 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен – 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6 Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүр мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді. 7.2.7. Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастаулары.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	8D03102 – Мәдениеттану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертация жұмысы. Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер басымдығына сай келеді.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен	Диссертация нақты мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған.

		ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға **елеулі үлесін қосады**/қоспайды, ал оның **маңыздылығы ашылған**/ашылмаған.	Зерттеу жұмысын қазақ ырымдарын ұлттық мәдени код ретінде дәлелдеп, теориялық талдау жасалған және мәдениеттанулық сараптама берілген жалпы гуманитарлық ғылымға қосатын үлесі жоғары деп бағалауға болады. Зерттеудің жоспары, жүйесі, мазмұны, ғылыми деңгейі мен теориялық тұжырымдары диссертацияның маңыздылығын толық негіздейді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары**; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Қорғауға ұсынылған диссертация жұмысының қолжазбасынан автордың жазу деңгейінің жоғарылығы мен өзіндік баяндау стилі, яғни қолтаңбасы анық байқалады. Сөз саптауы, толғамдары, түйін-тұжырымдарындағы өзіндік ерекшеліктері бұған дәлел бола алады. Ал ғылыми стилі ізденушінің мәдениеттану саласындағы категориялық аппарат пен негізгі ұғым-түсініктерді жақсы меңгергенін, өзіндік ой қорыта алатындығын анық көрсетеді. Диссертация тақырыбы бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері мен зерттеулерін саралап, талдау жасап, зерттеу нысаны аясында ой елегінен өткізіп, өзіндік тұжырымдарын дәлелдей алуы осыны көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген**; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация тақырыбының өзектілігі жеткілікті негізделген. Зерттеу жұмысы қазақ ырымдарын ұлттық мәдени код ретінде қарастырудың өзектілігін айқындайды. Қазіргі жаһандану жағдайында әрбір ұлттың өзіндік мәдени ерекшеліктері мен тарихи тамырын сақтау мәселесі өзекті болып отыр. Осыған байланысты, қазақ халқының дәстүрлі ырым-тыйымдарын зерттеу ұлттық айдентика мен мәдени тұтастықты нығайтуға ықпал етеді. Қазақ мәдениетінің ерекшелігі өркениеттер тоғысында орналасуымен, сондай-ақ халықтың рухани құндылықтарының сан қырлылығымен байланысты. Бұл зерттеу ұлттық сананы жаңғырту, дәстүрлердің мәнін ашу, мәдени мұраны қайта бағалау тұрғысынан маңызды. Ырым-тыйымдар тек көнеден қалған наным емес, олар халықтың өмір салты, дүниетанымы мен құндылық жүйесінің көрінісі. Сонымен қатар, зерттеу жұмысы қазақ ырымдарының экологиялық, әлеуметтік-этикалық және рухани қырларын қарастырады. Дәстүрлі танымдағы табиғатпен

			үйлесімді өмір сүру қағидаттары бүгінгі экологиялық сананы қалыптастыру үшін де өзекті. Осылайша, ұлттық мұраны ғылыми тұрғыдан зерделеу оның ұрпақтар арасындағы сабақтастығын қамтамасыз етіп, қазақ мәдениетінің болашақтағы даму бағытын айқындауға септігін тигізеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның мазмұны оның тақырыбын толықтай ашып тұр деп айтуға болады. «Қазақ ырымдары ұлттық мәдени код ретінде» деген тақырыпқа сәйкес, зерттеу құрылымы ырымдарды ұлттық мәдениеттің маңызды элементі ретінде қарастырудың жан-жақты қырларын қамтиды. Бірінші бөлім – қазақ ырымдарын зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін талдауға арналған. Мұнда ұлттық мәдени кодтың ғылыми негіздемесі, түркі халықтарындағы ұқсас құбылыстармен салыстыру, сондай-ақ қазақ ырымдарының тарихи-мәдени қалыптасу үдерісі қарастырылады. Бұл тақырыптың ғылыми негізін айқындауға көмектеседі. Екінші бөлімде қазіргі өркениеттік үдерістердегі қазақ ырымдарының орны мен рөлі зерттеледі. Мұнда ырымдардың мәдени-антропологиялық жүйеленуі, олардың тәрбиелік мәні және Қазақстанның ұлттық мәдени кодын қалыптастырудағы маңызы қарастырылады. Бұл бөлім зерттеудің өзектілігін заманауи контексте көрсетуге бағытталған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның мазмұны оның тақырыбын айқындайды және зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Қазақ ырымдарын ұлттық мәдени код ретінде тарихи қалыптасуын және даму перспективаларын ғылыми тұрғыда кешенді зерттеу мақсатымен ізденуші өзіне алты міндет қойған және осы міндеттерді жүелі түрде орындап, әр тараудың бөлімшелерінде ғылыми қорытындылар мен тұжырымдар жасау арқылы беріп отырған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан**; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертация логикалық тұрғыдан жақсы құрастырылған және бөлімдер бір-бірімен байланысты. Алайда, логикалық тұтастықты одан әрі нығайту үшін кейбір бөлімдер арасындағы байланысты нақтылау қажет болуы мүмкін. Бірінші тарау (Теориялық-әдіснамалық негіздер) – ұлттық мәдени кодты түсінуге және қазақ ырымдарының тарихи қалыптасуын зерттеуге бағытталған. 1.1 және 1.2 бөлімдері - теориялық және салыстырмалы әдістерді қарастырады. 1.3 - қазақ ырымдарының тарихи-мәдени дамуын талдайды, бұл 1.2-мен жақсы үйлеседі. 1.4 - ырымдарды кеңірек мәдени-символдық контексте қарастырады, бұл бөлім алдыңғы зерттеулердің нәтижелерін қорытындылайтын рөл атқарады.

			Екінші тарау (Қазақ ырымдарының қазіргі заманмен байланысы) – бірінші тараудағы теориялық негіздерді заманауи өркениеттік үдерістермен ұштастырады. 2.1 - ырымдарды мәдени-антропологиялық тұрғыдан жіктейді (1-тараудың тарихи-мәдени талдауының логикалық жалғасы). 2.2 —қазақ ырымдарының тәрбиелік мәнін қарастырады, бұл оларды қазіргі мәдениетке ықпалдастырудың маңызды аспектісі. 2.3 - ұлттық мәдени кодтың қазіргі қоғамдағы рөлін талдайды, яғни бүкіл зерттеудің практикалық қортындысын шығарады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Ізденуші ұсынған ғылыми жаңалықтар жеткілікті дәйектеліп, оған дейінгі ғылыми шешімдермен салыстырмалы түрде талданып, өзіндік ғылыми бағыт, өзіндік көзқарас нақтыланып көрсетілген. Жалпы мәдениеттану ғылымына қатысты шетелдік және жергілікті ғалымдардың көзқарастарын салыстырумен ғана шектелмей, олардың тұжырымдарына сыни талдау жасай біледі. Мысалы «мәдени код» ұғымына байланысты көп теорияларда анықтама берілмегендігі туралы сыни тұжырымдар береді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда мәдени код семиотика, философия, психоанализ, структурализм тұрғысынан кешенді қарастырылады, яғни оның көпқырлы табиғаты ашылады. Бұрын ырымдар көбінесе халықтық наным-сенімдер аясында қарастырылса, бұл зерттеуде автор ырымдарды мифологиялық, діни, ритуалдық, тотемдік, анимистік элементтерді жүйелі түрде талдау арқылы олардың мәдени кодтық негізін анықтайды. Сонымен қоса, зерттеуде археологиялық, антропологиялық және философиялық деректерді кешенді түрде пайдалану арқылы қазақ ырымдарының эволюциялық дамуы жүйеленеді. Тағы бір атап өтетінжұмыстағы жаңашылдық Орхон-Енисей жазбалары, «Қорқыт ата кітабы», тарихи жазба деректер арқылы ырымдардың рәміздік мәні мен тарихи сабақтастығы жаңа қырынан талданады. Қазақ ырымдары тарихи-әлеуметтік институт ретінде зерттеліп, олардың тәрбие, этика, мораль, әлеуметтік қорғау функциялары жүйеленеді. Қазақ ырымдарын ізденуші экология, денсаулық сақтау, әскери-патриоттық тәрбие, әлеуметтік интеграция тұрғысынан зерттеп, олардың жаһандық мәдени үрдістермен байланысын дәлелдейді.

		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) **толығымен жаңа**; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Бұл зерттеу қазақ ырымдарын жаңа әдістемелік деңгейде, яғни мәдени код, архетип, психоанализ, тарихи сабақтастық, жаһандану тұрғысынан қарастырады. Бұған дейін ырымдар көбінесе этнографиялық не фольклорлық деңгейде зерттелсе, бұл жұмыста олардың мәдени-философиялық және әлеуметтік-функционалдық қырлары ашылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **толығымен жаңа**; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертация жұмысының тақырыбы, зерттеу нысаны әлеуметтік-гуманитарлық. - -
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертация жұмысының тақырыбы әлеуметтік-гуманитарлық ғылым бағытында орындалған. Техникалық, технологиялық, экономикалық салаларға тікелей қатысы жоқ, сондықтан толық жаңа деп есептеуге болады. Ізденушінің ғылыми нәтижелері мен қорытындыларында еліміздегі мәдениет саласындағы уәкілетті орган қызметкерлеріне, рухани саланы реттеу барысында ақпараттық, нұсқаулық материалдар ретінде қолданылуына өте пайдалы. Диссертацияның мазмұнындағы теориялық негіздер мәдениеттануға қатысты әртүрлі зерттеулерде ғылыми білім ресурсы ретінде қажеттігі жұмыстың **қ**олданбалы маңызын дәлелдейді
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді**; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді;	7.1 Негізгі қағидаттар **толық дәлелденген.** Ізденіс ауқымында автор тарапынан 6 қағидат айқындалған және олар зерттеудің нәтижесімен бірлікте тұтасқан. 7.2 Әр қағидат **тривиалды емес** саналады. Автор қағидаттарды ерекше тәсілмен, жан-жақты қырынан қалыптастырған. 7.3 **Мейлінше жаңа.** Автордың тақырыпқа қатысты ұсынған барлық қағидаттары бұрын ғылымда айтылмаған мәселелерге арналған. Сондықтан да жұмыс нәтижелері жаңалығымен ерекшеленеді.

		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Диссертациядағы қазақи ырымдарды тарихи-әлеуметтік институт ретінде зерттеп, олардың тәрбие, этика, мораль, әлеуметтік қорғау функцияларының жүйеленуін, сонымен қоса, ырымдарды экология, денсаулық сақтау, әскери-патриоттық тәрбие, әлеуметтік интеграция тұрғысынан зерттеп, олардың жаһандық мәдени үрдістермен байланысын көрсеткен тұжырымдарды ерекше атап өтуге болады. 7.4 **Қолдану деңгейі кең.** Диссертацияның ғылыми нәтижелерін әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласында, мәдениеттану саласындағы уәкілетті орган қызметкерлеріне мәдени дамуды реттеу барысында нұсқаулық материалдар ретінде қолданылады. Диссертацияның мазмұнындағы теориялық негіздер, мәдениеттану, философия, этика саласында студенттердің, магистранттардың, докторанттардың мәдениеттанулық зерттеуге қатысты фундаменталды білімін кеңейту мақсатында лекциялық курстарға теориялық материалдар ретінде қолдануға болады. 7.5 Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 6 ғылыми мақала жарияланған. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында («Kazakh superstitions between humans and nature as a system of compatibility in theology. Pharos Journal of Theology ISSN 2414-3324 online Volume 105 Issue 1 - (2024) Copyright: ©2023 Open Access/Author/s - Online @ http//: www.pharosjot.com) 1 мақала, шетелдік, халықаралық конференция жинағында 1 мақала, отандық республикалық, халықаралық конференцияларда 2 мақала, ҚР Ғылым және Жоғары білім министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (БҒСБК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 3 мақала жарияланды. Жарияланған мақалалар жүргізілген жұмыстың мазмұнына толық сай келеді.
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) **кең**	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Жұмыста қолданылған әдіснама нақты, дәлелді. Ізденуші зерттеудің теориялық негізін мәдениеттануда қолданыс тауып жүрген дәстүрлі әдіснамалық негіздерді қолданған. Тақырыпты ашуға бағытталған тарихилық пен логикалықтың бірлігі,

	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) **ия;**	салыстырмалы сараптау әдістері де қолданылған. Диссертацияда қазақ ырымдарының тарихи-мәдени генезисін сипаттау үшін генеалогиялық әдіс, ежелгі қазақ халқының ауыз әдебиетінің деректері негізде мәдениеттің ерекшелігін көрсетуде этнографиялық сипаттама әдісі және жазба дереккөздерді, материалдық мәдениетті (киіз үйге байланысты), тарихи құжаттарды зерттеуде құжаттарды және артефактілерді талдау сияқты мәдени антропологияның әдіснамалық кешені қолданылдан.
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Иә. Диссертация жұмысының нәтижелерінің компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдаланылған. Бұл жұмыс барысында:1.2., 1.4. тараушаларын жазуда ақпараттарды өңдеуде, топтамалар жасауда анық көрініп тұр
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертацияның теориялық қорытындылары, ғылыми тұжырымдары анықталған өзара байланысты және теориялық тұрғыда дәлелденген. «Ұлттық мәдени кодты» зерттеудің теориялық-әдіснамалық бағдарларын айқындап, осы түсініктің код, мәдени код, ұлттық код сынды компоненттеріне ғылыми-теориялық тұрғыдан талдау жасалған. Қазақ мәдениетіндегі ұлттық кодтардың ырымдардағы келбетін ашып, оның түркі халықтарындағы көріністерін сызба арқылы жүйелеп көрсетеді. Шығу тарихымен байланысты қазақ ырымының жіктемесі берілген. «Қазақ ырымының түп бейнесі салт-рәсімдік, наным-сенімнен синтезделе дәстүрге ұласып, мәдени код болады» деген тұжырым жасалып, оларды жіктеу бойынша шығу тегінің мәдениеттанулық негіздемелері ұсынылады. Диссертациядағы нәтижелерді педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін де пайдалы тұжырымдар бар. Бұл түкірту, жеті ата, қонақжайлылық, наурыз мерекесі сияқты ырымдардағы басқа халықтарда кездеспейтін төлтумалылығын, өнегелік қызметтерін дәлелдеуде көрініс тапқан.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және **сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертацияда шетелдік және отандық авторлардың еңбектері кеңінен қолданылған. Жалпы жұмыста айтылған әр мәселе бойынша авторлаға сілтеме берлген және де олардың барлығы мазмұндарына сәкес нақтыланған. Әйтсе де диссертацияға қатысты қосымша әдебиеттер туралы айтуға болады. Оны арнайы ескерту ретінде 11 пунктте атап өтемін.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі **әдеби шолуға жеткілікті**/жеткіліксіз.	Жұмыста 215 ғылыми әдебиетке сілтеме жасалған.Барлық еңбек тақырыпта көтерілген мәселелерге арналған. Ізденуші тақырыптың зерттелу деңгейін әр сала бойынша толық негіздеген. Әйтсе де диссертация тақырыбына тікелей қатысы бар
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) **бар;** 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызын қазіргі кезеңіндегі мәдениеттің негізгі мәселелерін көтеру және олардың инновациялық формаларын іздестіруде деп бағалауға болады. Диссертацияда әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді зерттеудің бір бағыты мен ұстанымы ретінде «десакрализациялау-эмпирикаландыру-утилитарландыру-сциентизациялауды» қолға алып, қазақтың дәстүріндегі ырымдар, тиымдар, салттардың практикалық, өмірмәнділік маңыздылығын ашып көрсету, қазақ ырымдарын әлемдік: мистикалық, оккультистік парадигмалар бойынша салыстыра зерттеп, ортақ синкретті негіздері мен трансформацияларын, динамикасын көрсету және ырымдардың ғылыми негіздемелерін академиялық тұрғыдан түсіндіріп, оның медициналық, психотерапевтік,физиологиялық жетілу сияқты қырларын тереңірең зерттеулер жүргізу туралы ұсыныстар жұмыстың теориялық маңызын көрсетеді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия;** 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді мемлекеттің мәдениет саласындағы саясатын жүзеге асыруда және мәдениеттанулық білім беру бағдарламаларын құруда басшылыққа алуға болады. Мәдениеттанушы мамандарды даяарлауда қазақ мәдениетіне қатысты арнайы курстар оқытуда диссертация жұмысын және онда ұсыныстар мен идеяларды кең қолданса болады. Қалалық, облыстық деңгейдегі әкімшіліктердегі «Жастар саясаты» бөлімінің жұмысын жетілдіруде және мектеп мұғалімдерінің біліктілігін көтеруде зерттеу жұмысының тұжырымдарын қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертацияда берілген практикалық ұсыныстар толықтай жаңа. Ізденуші жұмыс жазу барысында шетелдік және жергілікті авторлардың тұжырымдарын

		1) **толығымен жаңа**; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	салыстыру арқылы кейбір авторлардың көзқарастарын қабылдап, өзіне дейін осы тақырыпқа қатысты айтылған ойларға ұқсамайтын тұжырымдар берген.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы талапқа сай, жоғары бағалауға болады. Ғылыми тіл жоғары деңгейде қолданылған, дәлелді ой-тұжырымдар жұмыстың жоғары деңгейде жазылғанын, техникалық рәсімделуінің толықтығын, ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келетіндігін де дәлелдейді.
11.	Диссертацияға ескертулер		10 томдық «Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы», 2 томдық «Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары», А. Нүсіпоқасұлының «Тал бесіктен жер бесікке дейін» кітаптары, Қ. Бегмановтың «Халқы мықтының – салты мықты: этнографиялық сыр сұхбат» және А. Құралұлының , «Қазақы тыйымдар мен ырымдар» сияқты зерттеулер қолданыс тапса, диссертанттың ғылыми тұжырымдарының ауқымы кеңейе түсер еді деген ойдамын. 2.3 бөлімін нақтылау – егер «Жаңа Қазақстан» ұғымы саяси-әлеуметтік контексте қолданылса, оны мәдени код тұрғысынан қалай байланыстыру керектігін айқындау керек.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр		Докторант жариялаған Скопус базасына кіретін («Kazakh superstitions between humans and nature as a system of compatibility in theology. Pharos Journal of Theology ISSN 2414-3324 online Volume 105 Issue 1 - (2024) Copyright: ©2023 Open Access/Author/s - Online @ http//: www.pharosjot.com) мақаласында қазақтың дәстүрлі дүниетанымында кеңістік пен уақытқа ерекше мән берілген. Әрбір бағыттың өзіндік символикалық мағынасы адамның өмірлік кезеңдерімен, табиғаттың циклдерімен және әлеуметтік құрылыммен астасып жатқандығы туралы баяндалады. Бұл жүйе көшпелі мәдениетке тән үйлесімділікті, табиғатпен үндестікті білдіретіндігі дәлелденеді. Шығыс, Батыс, Солтүсті және Оңтүстік бағдарларға байланысты қазақ халқының өзіндік ырым жоралғыларының дәстүрге айналған кешініне талдау жасалған. Ырымның қазақ мәдени кодын құраудағы рөлі. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. №2 (80). 2022. Мақалада отандық және шетелдік зерттеушілердің ата-ана тәрбиесіне,

	мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		бөтен әдеттерден арылуға және ықтимал қауіптердің алдын алуға қатысты ырымдарға жасаған зерттеулеріне терең шолу жасалады. Қазақы дәстүрлі дүниетанымның қалыптасуындағы ырымдардың рөлі:философиялық-антропологиялық талдау. 4 (80) 2022. Аль-Фараби журналында жарық көрген мақлада да Тарихи даму мен мәдени эволюциядан өткен ұлт ретінде қазақ халқының мәдениетінің еркшелігі қарастырылады. Осы мәдениеттің коды ретіндегі ырымдардың қазақ ой-сана жүйесіндегі орнының мағыздылығын дәлелденеді. The role of kazakh yryms-beliefs in the formation of the traditional worldview of the kazakhs: philosophical and anthropological analysis. 4 (80) 2022 | Бұл мақалада қазақ ырымдарының шығу тегін діни сенімдік, рәсімдік, қызметтік параметрлер бойынша қарастырылады. Қазақ ырымының жіктемесін: діни рәсімдік әрекеттерінің негізінде пайда болған ырымдар, өмірлік тәжірибеден үлгі ретінде және әрекет принциптерінің бағыты сипатында алынған ырымдар,-деп береді
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		8D03102 – Мәдениеттану мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын

Ресми рецензент:

Темрбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры, философия ғылымдарының докторы, профессор **Халықов Қ.З.**

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ
КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ИСКУССТВ ИМЕНИ ТЕМИРБЕКА ЖУРГЕНОВА
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҚҰЖАТТАУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ
СЛУЖБА ДОКУМЕНТИРОВАНИЯ И УЧЕТА ПЕРСОНАЛА
РАСТАЙМЫН
ЗАВЕРЯЮ

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҚҰЖАТТАУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ
СЛУЖБА ДОКУМЕНТИРОВАНИЯ И УЧЕТА ПЕРСОНАЛА